

Тарихи анықтама

Жымпиты ауылы

№165

Жеке тектік қоры
_____ 2006 ж

Какимов Серік Сәрсенбіұлы 1919 жылы Жымпиты ауданы Көздіқара селолық советі Ақкөл елді мекенінде дүниеге келген.

1938 жылы жеті жылдық Бұлдырты орта мектебін бітірді. 1939 жылы Орал қаласында гидромелиоративтік техникумын оқып жүргенде, осы жылғы қыркүйек айында әскерге шақырылады.

Әскери борышын 1941 жылға дейін Чита облысында өтеді. Елге қайтамын деп тұрған кезеңде соғыс басталып, Отан қорғау үшін майданға аттанады.

Далалық № 18669 әскери бөлімшесінде шайқастарға қатысып, соғыс аяқталғанша елімізді фашистерден азат етуге ерлікпен үлес қосты. Жеңіс күнін Берлин қаласында қарсы алды.

1946 жылы қыркүйек айында елге оралып Жымпиты ауылындағы майцеһында жұмыс жасап жүргенде НКВД-ға жұмысқа шақырылады. Ондағы жұмыс қысқарылғаннан кейін милицияға жұмысқа ауыстырылды.

1971 жылы құрметті зейнеткерлікке шыққанша 25 жыл бойы ішкі істер бөлімінде аға милиционер болып жемісті қызмет атқарды.

Майдангер қайнаған ұрыс кездеріндегі ерліктері үшін 5 қаңтарда 1946 жылы Берлинді алғаны үшін, 9 сәуірде «Ерлігі үшін» медальдарымен бірнеше рет далалық әскери бөлімнің алғыстары мен грамоталарымен марапатталған.

Серік Какимов ұзақ жылдардағы жемісті еңбегі үшін көптеген мадақтау қағаздарымен, марапаттауларға ие болды.

1954 жылы «Ерлігі үшін», 1958 жылы «Ішкі істер бөліміндегі адал еңбегі үшін» медальдарымен марапатталса, 11 желтоқсанда 1957 жылы милиция үздігі белгісіне ие болды.

Зайыбы Қамқа екеуі 7 бала тәрбиелеп, жапырағы кеңге жайған отбасы. Какимов Серік 1999 жылы 21 қыркүйекте дүниеден озды.

Тізімдемеге 6 (алты) сақтау бірлігі, 54 (елу төрт) есеп бірлігі, соның ішінде 12 (он екі) фотосурет енгізілді.

Мемлекеттік мұрағаттың Сырым
филиалының директоры:



Ғ.Рамазанов